



SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

Gazet 1920 jylдың 22 aqpanynan шыға бастады

soltustikkaz.kz

facebook.com/soltustikkaz

instagram.com/soltustikkaz

kyzylzhar_akparat@mail.ru

Ұнтымақтастық – ұрысымыз



ЖАҚСЫ КӨРШІ – ТЫНЫСЫҢ

Өңірімізге жұмыс сапарымен Ресей Федерациясы Қорған облысының ресми және іскерлік делегациясы келді. Шекаралас жатқан аймақпен өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуды көздеп келген көршілер бірқатар өнеркәсіп орындарын аралады.

Алғашқы танысу қадамы «Alegeum Elektrik» кәсіпорнынан басталды. Петропавл электротехникалық зауыты шығаратын трансформаторлық жабдықтар негізінен ТМД елдеріне экспортталады. Келесі нысан – 1928 жылы құрылған

С.Киров атындағы зауыт. Мұнда темір жол және мұнай-газ саласына арналған құрал-жабдықтар құрастырылады. Бұдан бөлек, Орта Азияда баламасы жоқ 16 қабатты баспа платалары өндіріледі. Қонақтарға баспа платаларын жинайтын цехтың

жұмысы туралы баяндалды. Бүкіл үдеріс автоматтандырылған. Делегация мүшелері өндірісті автоматтандыру және цифрландыру жұмыстарына жоғары баға берді. «Варгашинский атындағы өртке қарсы және арнайы жабдықтар зауыты» АҚ бас директоры Владимир Казаков өнеркәсіп саласы жақсы дамып келе жатқанын, тәжірибе алмасуға дайын екенін жеткізді.

(Жалғасы 2-бетте)

Толғандырар тақырып



ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ – АУЫЛДА

«Ауылдың түтіні өшпесін» деген игі тілектің астарында қаншама үміт пен арман жатыр. Туған жердің топырағында аунап, таңғы шыққа малынып өскен әрқайсымыз үшін ауыл – қасиетті мекен ғана емес, жүректегі ең жылы естелік пен сағыныштың ордасы. Ал бүгінде сол ауылдардың жұрты қалып, бір кездері өмір қайнап жатқан көшелерді арам шөп басты. Қаңғырған желдің гүлі ғана естіледі ол жерден. «Ауылдардың картадан жойылуына тоқтау бар ма?» деген сауалға жауаптың емес, нақты әрекеттің болмауы өзекті өртейді.

→ 5

Жұмыс сапары

ТЕРІСКЕЙДЕ ЕГІН БІТІК

Өңірге жұмыс сапарымен келген Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров диқандармен кездесті. Облыстық әкімдікте өткен жиында өңірдегі ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті әңгіме өзегіне айналып, маңызды мәселелер сөз болды. Әсіресе мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары талқыланды.

Жиынға төрағалық еткен өңір басшысы Ғауез Нұрмұхамбетов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеру жайына тоқталғанын атап өтті.

(Жалғасы 3-бетте)



ЦИФРЛЫҚ ТЕНГЕ ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАДАН ТИІМДІ МЕ?

→ 4

ЗІЛДЕН
ҚАЛҒАН ІЗ



→ 8

Baspasözge jazylu – 2026

«Soltüstik Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың I жартыжылдығына жазылып, iPhone ұтып ал!

“Қазпошта” АҚ
арқылы – 6 айға
(индекс 65445)

Редакция арқылы –
6 айға (жеткізу
қызметінсіз)

kaspi.kz қосымшасы
арқылы

Жеке тұлғалар
үшін – 4411,44 теңге

Жеке тұлғалар
үшін – 2216 теңге

Кәсіпорындар үшін –
7423,76 теңге (қала)
5049,44 теңге (ауыл)

Кәсіпорындар
үшін – 2854 теңге



Жазылу кезеңі мен
мекенжай бағанын
толтырып, көрсетілген
соманы төлеңіз.



Ұтысқа қатысу үшін түбіртектегі 87011054622 нөміріне (WhatsApp) жолдау қажет.
Мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 7. Анықтама телефоны: 87011054622.

Konferensia

КЕЛІСІМ МОДЕЛІ

Қазақстан халқы облыстық ассамблеясының ғылыми-сарапшылар тобы «Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісімдегі рөлі: тәжірибе мен перспективалар» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді. Іс-шара онлайн және офлайн форматта өтіп, Павлодар, Ақмола және Қостанай облыстарының ғылыми-сарапшылар топтары мен жас ғалымдар клубының өкілдері қатысты.

Конференцияның мақсаты — этносаралық және конфессияаралық келісім моделін қалыптастыруда, этносаралық және конфессияаралық салаларда мемлекеттік саясатты іске асыруда ассамблеяның рөлін көрсету және этносаралық қатынастар саласындағы қызметтің басым ғылыми бағыттарын айқындау.

Іс-шарада осы саланы зерттеп жүрген ғалымдар сөз алып, ойларын ортаға салды. Философия ғылымдарының кандидаты Сауле Сүлейменова

«Этносаралық саладағы зерттеулер туралы» баяндама жасады. Ал облыстық дін істері басқармасының экстремизмнің алдын алу және оңалту жұмысы бөлімінің басшысы Нұртас Нұрмағамбет конфессияаралық келісімнің маңыздылығы жайлы баяндады.

— Адамның иманы адамгершілікті сақтау мен оны келер ұрпаққа аманат етіп жеткізуге міндеттейді. Менің ойымша, дәл қазір рухани көшбасшылардың басты міндеті — дұрыс құндылықтар жүйесін қалыптастыру және адамдарды бейбітшілік, бірлік, қоғамдық келісім мен өзара қолдау идеяларының айналасына топтастыру, — деді Нұртас Нұрмағамбет.

Конференция соңында қатысушылар оқылған баяндамаларға қатысты сұрақтар қойып, пікір алмасты.

Назым ЕСІМ,
«Soltüstik Qazaqstan».

Nazaryñyzda bolsyn!

БЮДЖЕТТІҢ БАСТЫ
КІРІС КӨЗІ

Салық – мемлекеттің экономикалық басқару тетіктерінің бірі және бюджеттің басты кіріс көзі. Салық жүйесі қазіргі кезеңде нарықтық экономиканың талаптарына бейімделіп, үнемі жаңартылып отырады. Бұл өз кезегінде бухгалтерлік есептің де дамуына, әсіресе салықтарды есепке алу әдістеріне әсер етеді. Осы мақалада салық салудың бухгалтерлік есептегі ерекшеліктері мен маңыздылығын жан-жақты қарастырамыз.

Қазақстанда салық салу жүйесі Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы кодекспен реттеледі. Кодексте салық түрлері, салық салу нысандары, жеңілдіктер мен есеп айырысу тәртібі айқындалған. Бухгалтер осы заңнамалық актіге сүйене отырып, салықтық міндеттемелерді уақытылы және дәл орындауға жауапты.

Қазақстанда салықтар тікелей және жанама болып бөлінеді. Оларды бухгалтерлік есепте дұрыс бейнелеу — ұйымның салықтық және қаржылық міндеттемелерін орындауының кепілі.

Корпоративтік табыс салығы (КТС) заңды тұлғалардың таза табысына салынады. Бухгалтер бұл салықты табыс негізінде есептейді. КТС бойынша аванс-

тық төлемдер, шегерімдер және жеңілдіктер Салық кодексінде нақты жазылған.

Қосылған құн салығы (ҚҚС) жанама салық, тауар мен қызметтің үстеме құнына салынады. Бухгалтерлер кіріс және шығыс ҚҚС-ты ай сайын есептеп, салыстырып отырады. ҚҚС бойынша шот-фактураларды дұрыс рәсімдеу — негізгі талаптардың бірі.

Жеке табыс салығы (ЖТС) және әлеуметтік төлемдер қызметкерлердің еңбекақысы негізінде ұсталады. ЖТС, әлеуметтік салық, міндетті зейнетақы жарналары, медициналық сақтандыру төлемдері барлығы ав- томатты түрде есептеліп, аударылады.

Акциздер және басқа да салықтар белгілі бір тауарларға (темекі, алкоголь, бензин) салынады. Сонымен қатар жер, мүлік, көлік салықтары да бухгалтерлік есепте дұрыс көрсетілуі тиіс.

Соңғы жылдары Қазақстанда салықтық есепті цифрландыру қарқынды жүріп жатыр. «e-Salyq Azamat», «e-Salyq», «Business», «e-Qazyna» сынды электрондық платформалар бухгалтерлердің жұмысын жеңілдетіп, есептілікті автоматтандырды. Бұл жүйелер салық декларацияларын электронды түрде тапсыруға, төлемдерді уақытылы бақылауға, аудиторлық тексеруге дайын болуға мүмкіндік береді.

Гүлмира СҮЛЕЙМЕНОВА,
Жоғары құрылыс-экономикалық
колледжі бухгалтерлік есеп
пәнінің оқытушысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Prosol Biotech Kazakhstan» ЖШС ІІ-ші санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Күні, уақыты: 20.11.2025 ж. сағат 11:00-де.

Өтетін орны: СКО, Петропавл қ., С.Мұқанов к-сі, 50, каб. 308.

Учаскенің координаттары: 54°54'54" с.е.; 69°10'59" ш.б.; 54°54'49" с.е.; 69°10'53" ш.б.; 54°54'46" с.е.; 69°11'4' ш.б.; 54°54'52" с.е.; 69°11'8" ш.б.

Интернетке қосылу сілтемесі:

<https://teams.live.com/join/9342782792690?p=mJbDUOiIWWW4NkkTwz>.

Жиналыс идентификаторы: 9342782792690. Құпия сөз: FM7JY2.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: «Prosol Biotech Kazakhstan» ЖШС, тел.: 8701-727-97-80 СКО, Петропавл қ., Қазақстан Конституциясы к-сі, 28, БСН:230940042321, a_syrym@yahoo.com.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы: «NordEcoConsult» ЖШС, Петропавл қ., С.Мұқанов к-сі, 50, 308, тел.: 87773191746, БСН:090240009780, vibatalov@yandex.ru (көрсетілген байланыстар бойынша қоғамдық тыңдау күніне дейін 3 күннен кешіктірмей сұрақтар қоюға болады).

Жоба бойынша құжаттама қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы ұлттық деректер банкіне <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> және ЖАО сайтындағы <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның атауы және қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты адамның байланыс деректері: СКО әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, тел.: 533638.

Конференцияға қосылу және қосымша ақпарат алу мәселелері бойынша 87773191746 телефонына хабарласуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау үшін жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы: dpr@sko.gov.kz, e.aitzhanov@sko.gov.kz.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Prosol Biotech Kazakhstan» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие для объектов II категории для ТОО «Prosol Biotech Kazakhstan».

Дата, время: 20.11.2025 г. в 11:00.

Место проведения: СКО, г. Петропавловск, ул. С.Муканова, 50, каб. 308.

Координаты участка: 54°54'54" с.ш.; 69°10'59" в.д.; 54°54'49" с.ш.; 69°10'53" в.д.; 54°54'46" с.ш.; 69°11'4" в.д.; 54°54'52" с.ш.; 69°11'8" в.д.

Ссылка для онлайн подключения:

<https://teams.live.com/join/9342782792690?p=mJbDUOiIWWW4NkkTwz>

Идентификатор собрания: 934 278 279 269 0. Пароль: FM7JY2

Регистрация участников ведется при предъявлении документа удостоверяющего личность.

Заказчик материалов проекта: ТОО «Prosol Biotech Kazakhstan», тел.: 8701-727-97-80 СКО, г. Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 28, БИН:230940042321, a_syrym@yahoo.com.

Наименование разработчика документации: ТОО «NordEcoConsult», г. Петропавловск, ул. С.Муканова, 50, оф. 308, тел.: 87773191746, БИН: 090240009780, vibatalov@yandex.ru (задать интересующие вопросы можете по указанным контактам не позднее 3 дней до даты общественных слушаний).

Документация по проекту размещена на национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов <https://hearings.ndbecology.gov.kz/> и сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru> в разделе «общественные слушания».

Наименование местного исполнительного органа и контактные данные ответственного за организацию общественных слушаний: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО, тел.: 533638.

По вопросам подключения к конференции и получения дополнительной информации обращаться по телефону 87773191746.

Адрес электронной почты местного исполнительного органа для приема замечаний и предложений: dpr@sko.gov.kz, e.aitzhanov@sko.gov.kz.

СКО МАЭС «Донецкое Коллективное хозяйство» ЖШС-ның оңалту рәсімін қолдану туралы арызы негізінде азаматтық істің қозғалғаны туралы хабарлайды.

СМЭС СКО извещает о возбуждении гражданского дела по заявлению ТОО «Донецкое Коллективное хозяйство» о применении процедуры реабилитации.

Құрметті оқырман!

Сіздер басқа ақпарат құралдарына қарағанда бағасы арзан және тиімді «Soltüstik Qazaqstan» газеті арқылы ата-аналарыңызды, туған-туыстарыңызды, жора-жолдастарыңыз бен әріптестеріңізді:

- туған күнімен;
- мектеп табалдырығын аттауымен;
- үйлену тойымен;
- оқу бітіруімен;
- мерейтойымен;

— зейнет демалысына шығуымен және тағы басқа да қуаныштарымен құттықтап, жеке хабарландырулар бере аласыздар.

Біздің мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 7.

Электронды мекенжайымыз: kyzylzhar_akparat@mail.ru, тел.:8(7152)36-21-36, 8 777-495-67-90.